

**Алматы облысы Алакөл ауданының аумағында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жерінің бір бөлігін алып қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қазандағы N 913 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Үшарал аудандық пайдалану бөлімі" мемлекеттік мекемесінен тұрақты жер пайдалану құқығындағы жалпы алаңы 13330 гектар жер учаскелері алып қойылсын және олар өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер санатынан босалқы жер санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 8 қазандағы  
N 913 қаулысына

ҚОСЫМША

**Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер санатынан босалқы жер санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің экспликациясы**

Жер пайдаланушылардың атауы	Жер учаскелерінің орналасқан жері	Жалпы алаңы, га	Оның ішінде		
			барлық ауыл шаруашылығы алқаптары	оның ішінде жайылым	құрылысқа арналған
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Үшарал аудандық пайдалану бөлімі"»ММ	Алматы облысы Алакөл ауданы	13330	13126,0	13126,0	204,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК